

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі N 289 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы N 1172 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 417 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 N 417 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мамандығы бойынша жұмысқа кірген кезде бүкіл жұмыс кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 сәуірдегі N 289 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 14, 128-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін :

көрсетілген қаулымен бекітілген мамандығы бойынша жұмысқа кірген кезде бүкіл жұмыс кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылатын ұйымдардың тізбесінде:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) ғарыш саласында, оның ішінде "Байқоңыр" кешенінде мынадай біліктіліктер бойынша :

инженер	(барлық атаулардағы);
лаборант	(барлық атаулардағы);
шебер	(барлық атаулардағы);
машинист	(барлық атаулардағы);
механик	(барлық атаулардағы);
монтажник	(барлық атаулардағы);
оператор	(барлық атаулардағы);
слесарь	(барлық атаулардағы);

техник (барлық атаулардағы).".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

